



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕРІНІҢ ЖАҒДАЯТЫ**Ахман Сұбхан**begimbai@hotmail.com

«Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс магистранты,

СҚФ, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – К.М. Бегімбай

Біздің еліміздің тәуелсіздік алғанына 25 жыл толғанымен, әлемдік алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына ену жолында әлі де талай қомақты істер атқаруымыз қажет. Ел басының жетекшілігімен осы бағытта айтарлықтай іс-шаралар атқарылуда. Олардың маңыздыларының бірі – еліміздің Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі болып саналады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін елімізде өндірістік салаларды дамуын әлемдік деңгейге дейін көтеру қажет. Кез келген өндірістік салалардың шығаратын өнімдерінің өзіндік айрықша сипаты, яғни дизайны болуы керек. Отандық өндіріс өнімдері әлемдік бренд деңгейіне көтерілуі үшін әуелде ұлттық бренд ретінде қалыптасуы шарт. Бұндай қалыптасу жолында өндірістік дизайнның орны ерекше және өте маңызды.

Жалпы «өндірістік салалар» мағынасының тарихына зер салсақ, оның басқаша баламасы «өнеркәсіп салалары» болып табылады. Ал, бұл сөз тіркесіндегі «өнеркәсіп» сөзі «өнер» және «кәсіп» сөздерінен құралғандығын байқамау мүмкін емес. Демек, өнер мен кәсіптің ұштаса отырып, адам тіршілігіне қажетті заттық орта қалыптасқан десек те болады. Біз бүгінде білетін өнеркәсіптік салалар өндіретін барлық бұйымдарының тарихи алғышарты болып табылатын өнер түрі сәндік қолданбалы өнер болғандығы баршаға мәлім жайт. Ендеше, өнеркәсіптік дизайнның қалыптасуына әсер еткен сәндік қолданбалы өнердің даму тарихына талдау жасап алу қажет.

Сәндік қолданбалы өнердің түпкі этимологиясына үңілетін болсақ, латын тілінің «desco» сөзін қазақшаға аударғанда «безендіремін» деген мағына білдіреді және бейнелеу өнерінің ең көне, қолданбалы және көркем функциялары бар бұйымдар жасауға бағытталған шығармашылық іс-әрекеттің көптеген түрлерін қамтитын ауқымы кең бөлімі болып табылады. Бұл жинақталған термин өнердің сәндік және қолданбалы түрлерін шартты түрде біріктіреді [1].

Көркем өнер түрлерінің тек эстетикалық ләззат алуға бағытталған және «таза өнерге» жататын туындыларымен салыстырғанда, сәндік қолданбалы шығармашылықтың сан-алуан сипатына ие өнімдерді күнделікті өмірде қолдануға болады.

Ресей ғалымы В.Г. Власовтың сөздігінде берген анықтамаға жүгінсек: «Сәндік қолданбалы өнер туындылары мынадай қасиеттерге ие: эстетикалық сапасы бар; көркем әсер ету қасиетіне ие; тұрмыс пен интерьерді безендіруге қолданылады» [2].

Бұрынырақта бұл өнер туындыларына безендірілген текстильдердің түрлері, кілем бұйымдары, жиһаз түрлері, ыдыс-аяқтар, әшекей зергерлік бұйымдар және т.б. тұрмыста қолданылатын бұйымдар жататын. Уақыт өте келе, прогресстің дамуына сай тұрмыста қолданылатын бұйымдардың түрлері мен оларды жасау технологияларының өзгеріске ұшырауына байланысты сәндік қолданбалы өнер туындыларының жаңа түрлерінің пайда болуы заңдыдылық болып табылады.

XIX ғасырдың екінші жартысында академиялық әдебиеттерде сәндік қолданбалы өнер түрлерін жіктей келе, оның классификациясын материалдарға (металл, керамика, текстиль, ағаш); жасалу техникасына қарай (ойып безендіре жону, көркемдеп жазу, кестелеу, тоқу, құю және т.б.) және затты қолданудың функционалдық белгілеріне (жиһаз, киім, әшекей бұйымдар, ыдыс-аяқ және т.б.) сай іріктеу әдісі қолданылатын болды. Бұндай классификациялау әдісі сәндік-қолданбалы өнердегі қолданылатын технологиялардың өндірістік тәсілдердің пайда болуына тікелей байланысты болды.

Дегенмен, қандай ғажайып технологиялар пайда болғанына қарамастан, ұлттық мәдениеттің дәстүрлі тәсілдерін сақтай отыра, оларды заманауи сұранысқа бейімдей білу осы өнер саласының мамандарының алдына қойылып отырған күрделі талаптардың ең бастысы деп білеміз. Осындай ұлттық мүддені қорғау бағытында біздің елімізде де мемлекеттік деңгейде іске асырылып отырған бағдарламалардың бірі – «Мәдени мұра» болып табылады. Ғылыми ізденіс жасау барысында осы аталмыш бағдарламаны өзіміздің жұмысымызға басты тірек етіп отырмыз.

Қазақ ұлттық сәндік қолданбалы қолөнерінің тарихы ерте кезеңнен бастау алады. Ерте заманда көшпенді түркі тектес сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді тайпалардың мәдениетінен арқау алады. Сонымен қатар оған көршілес елдердің, атап айтқанда – Ресей, Орта Азия мен Оңтүстік-Сібір халықтарының да мәдениеті айтарлықтай әсер еткен. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша осындай үздіксіз жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің дамуы өткен ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында шырқау шегіне жеткен кезеңін бастан өткерген.

Заманауи археологиялық қазбалар мен көне жазба ескерткіштерге сүйене отырып айтарымыз – Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар ғасырлар бойы табиғи шикізаттар тас, саз балшық, металл, ағашпен қатар жануарлардан өндірілген тері, сүйек, жүн және сол тәрізді материалдарды күнделікті шаруашылық кәсіптері мен тұрмыс қажеттіліктеріне жарата отырып, қол өнердің қазақ ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Кригельді өзені аңғарынан табылған керамикалық қазындылар Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына нақты айғақтар ретінде танылады.

Ерте кезеңде-ақ жалпақ даламызды мекендеген халқымыздың қолөнеріне әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлері қызығушылық танытқан. Мысалы, Геродоттың жазбаларында даламызда қоныстаған тайпалардың тұрмыста қолданған бұйымдарын былай сипаттаған: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Жайдың металдан істелген бөлшектері, оғы, айбалталары мыстан істелген. Бас киімдері мен белдік әшекейлері түгелдей алтыннан жасалған. Сондай-ақ, ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылып, жүген сулығы, ауыздығы тағы да басқа бөліктері түгелдей алтынмен әшекейлендіріліп, безендірілген». Ктесий мен Страбон да қазақ топырағын мекендеген сақтар мен массағаттардың киімдерінің өзіне тән үлгісі барын және барлық заттардың дерлік әшекейленгендігін айтады.

Ресей ғалымы М.А. Леваневский де халқымыздың қолөнері туралы мынадай пікір білдірген: «қазақтың қандай кәсіпке болмасын, табиғи қабілеттілігіне сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар сомдай алатындығына танданбасқа болмайды. Қазақтың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы». Ал, енді қазақтың ұлттық қолөнерінің таңғажайып туындысы – киіз үй орта ғасыр саяхатшылары Марко Полоны (1230), Плано Карпиниді (1246), Клавихоны (1403), Барбораны (1436), қатты таң қалдырып, олардың тарихи жазбаларынан орын алған[3].

«Қазіргі кезеңде халықаралық деңгейде қолөнер көрмесі ұйымдастырылу деңгейімен салыстырғанда, бұрынғы кезеңдердегілері әлдеқайда айрықша көңіл бөлетін болған» – деп пайымдайды осы тақырып бойынша ізденіс жұмыстарын жасаған зерттеушілер.

1969 жылы 91 жасында қайтыс болған Барлыбаева Рымжанның қолынан шыққан текеметтің кезінде Парижде ұйымдастырылған көрмеге қатысып, талайларды таң қалдырғаны қандай тамаша. Сондай-ақ, қазақтың киіз үйлері 1861 жылы Парижде өткен халықаралық көрмеге қатысып, 1876 жылы Петербургте ориенталистердің үшінші конгресінің Құрметіне ашылған көрмеге, 1890 жылы Қазанда өткен көрмеге қойылған. 1913 жылы Омбы шахарында Романовтар әулетінің 300 жылдық тойларындағы көрмеге Атбасардан Мейрам қажының киіз үйі қатысқан.

Халықтың қолөнеріндегі негізгі тұлға – суретшілер мен шеберлер болып табылатыны сөзсіз. Кезінде бүкіл Орта Азия мен Қазақстанда есімі кеңінен таныс болған шеберлеріміз

туралы айтар болсақ, есімізге алғашқы болып Мұрын жыраудың есімі түседі. Шын аты Тілеген Сеңгірбаев болған бұл бабамыз өзінің жарты ғасырға жуық өмірін темірден түйін түюмен, алтынды күміске байлап зергерлік бұйымдар жасаумен қатар, етік тігумен бірге тас қашаумен өткізген. «Тек, әттең» дегізетін жайт – оның бай іс-тәжірбиесін үйрене отырып, жазып алып қалмағанымыз өкініш тудырады. Сол дәуірде Қазақстанда Жүсіп, Мақамбет, Күмбетбай, Тәутен, Әбдіғали, Шаяхмет, Аяған деген атақты шеберлер өмір сүргені белгілі. 1882 жылы Мәскеудің өндірістік көркемөнер көрмесінің төтенше комиссиясы қазақ шеберлерінің ыдыстарын «жұмысының мінсіздігімен, өрнектердің әсемдігімен ерекше көзге түседі» – деп атап өткен екен. Мінеки, қазақтың қолөнер шеберлеріне Ресей сияқты мемлекеттің берген үлкен бағаларының бірі осындай.

Қазақтың ағаш ыдыстары көлемінің үлкен болып келетіндігімен ерекшеленген. Мысалы, бұрын қазақ ауылдарында бір қойдың еті тұтас сиып кететін керсен тәрізді ыдыстар болған. Қазір де оның кейбір түрлері ел ішінде сақтаулы.

1871 жылы Семейдегі көрме ұйымдастыру комитеті өзінің хаттама құжаттарында қазақтың ешбір токорлық станокты қолданбай-ақ қашау мен пышақты пайдаланып тұтас қайыңнан көлемді ыдыстарды өте шебер жасайтынын жазып қалдырыпты. Жалпы, қазақ халқында қолөнер шеберлері жасаған ыдыстарының жалпы саны 65 түрлі, ал, музыкалық аспаптарының 18 түрі болғаны белгілі жайт.

Ғылыми деректер бойынша Қазақстан жерінде қолөнер кәсібі мұнан екі жарым мың жыл бұрын түрлі тайпалардың шығармашылығы арқылы байқалып, ұрпақтан-ұрпаққа мәдени мұра болып қалып келеді.

XX ғасырдың басында қазақтар төсағаштың үш түрін пайдаланғаны мәлім болса, шығыс зерттеушісі Ибн Батутаның жазбаларында сол заманындағы Дешті Қыпшақтардың күймелі арбамен көшкендігін баяндаған.

Дүние жүзіндегі ең үлкен кілемнің тұңғыш рет 1959 жылы Ашхабатта тоқылғаны мәлім. Оның көлемі 192 шаршы метр болса, 1965 жылы Түркімен шеберлері оны екі есеге дейін ұлғайтқан. Қазақтың қолөнер шеберлері де кілем тоқудан алдына жан салмаған. Қарт ана Барлыбаева Рымжанның тоқыған кілемі 1926 жылы Париж қаласында болған көрмеге қатысып, бәйге алған. Осыншама атақты шеберлеріміз бола тұра, кейінгі кезеңде қолөнеріміздің дамуы тежеліп, кейбір ерекше түрлері сақталмай, ұмыт болып жатқандығы байқалады [4].

Халықтық сәндік-қолданбалы өнері – әлемдік көркем мәдениеттің негізі, даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі болып табылатындығы хақ. Оның тұл бойында алдымызда өткен сан ұрпақтың асқан шеберлікпен металл, ағаш, саз, жүн, құрым мен т.б. түрлі материалдарды өндеу тәжірибесі бейнеленген.

Көне дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтай әрі байыта отырып, халықымыздың көркем қолөнер кәсібі қазіргі мәдениеттің айқын құбылысына айналып, күнделікті тұрмысымыздың маңызды және бөлінбес құрамына айналуға. Қолөнер туындылары қайталанбас және алуан түрлі болып келеді: әсем әшекейлер мен шағын ойыншықтардан бастап күрделі әдіспен кестеленген композициялық шешімі көркем деңгейі өте жоғары өнер туындыларына парапар бұйымдармен қатар, ірі көлемді кілемдерді, тоқыма матадан жасалған көп заттық жиынтықтарды, шыны, ағаш және металл бұйымдардарын қамтиды.

Аталған қолөнер бұйымдарында байқалатын пішіндердің ықшам да мәнді үйлесімі, түстерді қолданудағы жоғары талғамның болуы, өрнектердің әсемдігі, композициялық шешімінің жоғары көркем деңгейі оларды жасаған шебердің көз бен қолдың дәлдігі мен қиялдың ұшқырлығымен ұштастыра алатындығын айғақтайды.

Қазақ қолөнері халықтың сан ғасырлық ақыл-ойының терендігінің табиғатты шынайы болмысымен түсіне білуіне, сондай-ақ асқан шеберліктің нәтижесіне негізделген деп сенімді түрде айта аламыз.

Қолөнер шеберлерінің жан дүниесінен өріліп шыққан туындылары адам жанын рухани байытып, талғамын өсіріп, тынысы мен көңіл көкжиегін кеңейтіп, өмірге көзқарасын түбегейлі өзгертеді деп айтуға болады. Зерттеушілердің пайымдауынша «ақиқатында, бұл –

шебердің нағыз шеберінің қолынан келетін құдірет. Себебі, шебердің ол маңдай тері, ақыл-парасаты, талғам түсінігі, өмірге көзқарасы, дүниетанымы өзіндік жүрек қалауымен қайталанбас қолтаңбасынан көрініс табатын болса» [5].

«Кешегі қазақтың қолөнерінің бүгінгі жағдаяты қандай» деген осы бір толғақты сауал туындайды. Бүгінде жаппай жаһандану үдерісінің ықпалынан дәстүрлі қазақ қолөнерінің кейбір түрлері келмеске кетіп бара жатқан сияқты десек, жаңсақ айтқандық болмайды деп білеміз. «Қолөнердің бүгінгі халіне қарасақ, ата-баба мұрасының қайсыбір керемет түрлері мен үйлесімдері (бөліктері) түрлі тарихи себептермен жалпы әлемдік ағымға, техникалық прогреске, қалалық сәнге және тағы басқа себептерге байланысты көпе-көрінеу ескіріп, өткен өмір еншісіне айналып барады» – деп зерттеушілер дабыл қағуда.

Олар «Бүгінгі күнде тұрмысқа қажетті заттардың бәрін дүкендер мен базардағы арзанқол өнімдер алмастырған. Соның салдарынан, бүгінде бұрынғыдай үйлерімізде ағаш жонылмайды, темір балқытылмайды, тері иленбейді, киіз басылмайды, алаша мен шекпен тоқылмайды, тіпті киім де тікпейміз. Сондай-ақ, оқа зерлі кесте, біз кесте, ілме кесте, шеркет тоқудан да көз жазып қалдық. Қазақтың қалы кілемінің нұсқалары мүлдем жоғалып кетті. Оны айтасыз, табиғи бояулар шығарудан, желім жасаудан, сабын қайнатудан көз жазғанымыз қашшан» – деп ойларын жалғастырады.

Осы ойды жалғастыра отырып, зерттеушілер қазақтың құрал-сайманын, қару-жарағын, алтынмен аптап, күміспен күптеген тұрмыстық заттарын тек қана мұражайдан көретіндігімізді алға тартады. Ал, қасабаны, қарқараны, құрақты, сұламаны, күндікті, күдері бешпентті, жарғақ тонды, ішікті, көксауыр, шегірен етіктерді, кебіс-мәсіні мұражайдан да таба алмайтынымызды қынжыла айтады. Сонымен қатар, «бұрынғы кезде құрылыс ісінде пайдаланылған қыр оюы, қырма өнерінен қазіргілердің білегіні саусақпен санарлықтай ғана, оны кезінде орындаған шеберлердің әдіс-тәсілдері өздерімен бірге кетті десек те болар» деп түйінделген пікірмен біз де келісеміз.

Дегенмен, өткенге өкініш білдіріп, келмеске кеткенге қынжыла беруден бұл мәселе шешімін таппайды деп санаймыз. Осы қазақ қолөнерінің қайталанбас түрлерін мемлекеттік деңгейде шешімін табудың іске асуын күтіп жүре бермей, ұлтымыздың мәдениетінің құнды жәдігерлерін сақтап қана қоймай, оны заманауи ғылымның қол жеткізген озық технологияларын пайдалана отырып, тәжірибе жүзінде зерттеу арқылы көне көркем технологияларды қайта жаңартуымыз қажет деп білеміз. Бұл бағытта айтарлықтай іс-шаралар атқарылып жатқанын да алға тартамыз. Осы келелі де күрделі мақсатқа жету жолдарын қарастыру – біздің, жас ғалымдардың басты міндеттеріміз деп білеміз.

Сондықтан, халқымыздың асыл мұрасы болып табылатын сәндік қолөнерін қайта жаңғыртудың басты жолжарының бірі – ұлттық нақыштағы дизайнда орындалған кәдесый жасауды дамыту арқылы және оны әлемдік нарыққа шығару арқылы дүниежүзіне танытуды көздейтін ізденіс жұмыстарын жүйелі және нәтижелі жүргізу қажет деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Үлкен энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Білім», 1978. Т. 11. Б. - 124.
2. Власов В. Г. Новый энциклопедический словарь изобразительного искусства: В 10 т. - СПб.: Азбука-Классика. – Т. 3., 2005. - С. 379-383.
3. Ө. Мәдиев, Қ. Айтөленов. «Былғары және тері технологиясы». – Астана, «Фолиант» баспасы. 2010. – 96 б.
4. Қ. Әмірғазин. «Қазақ қол өнері». – Алматы: «Дайк-Парк», 2004. – 92 б.
5. С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы: «Қазақстан», 1995. – 84 б.